

ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫ



АРНАЙЫ БАСЫЛЫМ: МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ

2022 жыл №8 (144) қыркүйек

Құрметті конференцияға қатысушылар, әріптестер!



Бүгінгі Ұлы жазушы, академик, қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер.

Еліміздің түкпір-түкпірінде, республика көлемінде жазушы мерейтойына орай ауқымды іс-шаралар өтуде.

Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетінің шыңында тұрған классиктердің бірі әрі бірегейі. Қалдырған мұраларының тәрбиелік мәні зор. Ол шығармаларында өз заманының тыныс-тіршілігін, халқының аңсаған армандарын, бүгінгі мен ертеңін шебер суреттеді.

Осындай қажырлы еңбегінің арқасында дүниеге қазақ халқын әлемге танытқан «Абай жолы» роман-эпопеясы келді. Бұл шығарма арқылы әлемнің жүзден астам халқы қазақ халқының тұрмыс тіршілігін, салт-дәстүрін таныды десек те болады.

Ғұлама ғалым, педагог М.Әуезов қазақ әдебиеті тарихын зерттеу, әдебиет кадрларын даярлау жөнінде шексіз көп еңбек сіңірді. Абайтану ғылымының негізін қалады, көп томды «Қазақ әдебиеті тарихының» қазақ фольклорына арналған томының негізгі авторы және редакторы болды. Қырғыздың «Манас» эпосы туралы монография жазды.

Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мұхтар Әуезовтің шығармалары арқылы сомдалған қазақ әдеби тілі – тіл тазалығы Семей топырағында сақталғаны белгілі. Сондықтан да ұлттық құндылықтар мен рухани іс-шаралардың Шәкәрім университетінде насихатталуы заңды әрі маңызды іс.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы, қайраткерлік қызметіне қатысты келелі мәселелерді ортаға салып, көпшілік қауымға, қоғамға кеңінен насихаттай алсақ, конференцияны өткізудегі мақсатымызға жетеміз.

Жуықта іргесі қайта қаланған Абай облысының өркендеуіне, қуатты өңірге айналуына ықпалын тигізер бастамалар деп есептейміз.

Осындай ерекше маңызды күні шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Құрметті конференцияға қатысушылар! Сіздерге шығармашылық табыс және жұмыстарыңыздың жемісті болуына тілектеспін.

Саясат НҰРБЕК,
Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі

Құрметті семейліктер! Мерекелік шараға қатысушылар!

Биылғы жылы Мемлекет басшысының шешімімен ұлы Абай есімімен аталатын облыс мәртебесін иеленген өңір тұрғындары бүгін өте маңызды оқиғаны атап өтуде.

Бүкіл халқымыздың мақтанышы болған дәуір суреткері – Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 125 жылдық мерейтойы құтты болсын!

Әйгілі жазушы, ірі қоғам қайраткері, данышпан ойшыл, ғұлама ғалымның торқалы тойы - барша қазаққа ортақ.

Көп қырлы дарын иесі отандық және әлемдік әдебиет пен мәдениеттің дамуына зор үлес қосты.

Түрлі салада қалам тербеген сөз зергерінің халқына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. «Елімі!» деп еміренген жазушы барлық білімін, қабілетін, қалам қуаты мен күш-жігерін ұлт тағдырына арнады, елінің азаттығын, өркениет биігіне қол жеткізуін армандады.

Оның мағынасы терең асыл ойлары бүгінгі егемен еліміздің мұраттарымен ұштасып жатыр.

Жазушының барлық баянды өмірінің өзегі – ұлы Абайдың ақындық күдіретін, өмірбаяны мен әдеби мұрасын зерттеу, насихаттау болды.

Осы жолда аянбай еңбектенген ол

қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа саласы – Абайтану ғылымының негізін қалап дамытты, өзінің ұлы Абай туралы баға жетпес зерттеу еңбектерімен ақын рухын көтерді, қайта тірілтті, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы екендігін толық дәлелдеп берді.

Осылайша, оны халық мәдениетінің қалың қойнауына бойлаған алып тұлға ретінде бейнелей отырып, туған ұлтының сана-сезімін жаңа сатыға көтерді, сөйтіп қазақ әдебиетін дүниежүзілік деңгейге жеткізіп, әлемдік әдеби үдеріске қосты.

Қазақ халқының қоғамдық-саяси, адамгершілік және эстетикалық өмірінің энциклопедиясы деп бағаланған төрт томдық «Абай жолы» романы жазушы шығармашылығының асқар шыңы болып табылады.

Оның Абай туралы жазған эпопеясы мен асқан шеберлікпен жазылған шағын әңгімелері, повестері ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің және әлем әдебиетінің алтын қорына мәңгілік енді.

Мұхтар Омарханұлы әдебиет тарихында барша адамзатқа ортақ құндылықтар негізінде өрнекті із, тағылымды табыс қалдырды.

Оның есімі туған халқының әлем ал-



дында бетке ұстар тұлғасына айналды.

Туған халқын төрткүл дүниеге мәшһүр еткен заңғар жазушының тағдыры – өшпес тағылым мектебі, заманмен бірге тебіреніп, мәңгілікпен үндесе білудің айқын өнегесі.

Ұлттық рухты жоғары ұстаған көркем ой алыбының асыл мұрасы – бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің азаматтары мен өскелең ұрпақ үшін қашанда сарқылмас қазына болып, рухани игілігіміз ретінде қызмет ете беретіні сөзсіз.

Дүйсенғазы МУСИН,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының депутаты



КЕМЕҢГЕР МҰХТАР

Абай туралы алғашқы роман 1942 жылы жарық көрді. Бұл – жаһандық қырғын соғыс жылы. Соғыс – адамшылықтың дұшпаны. Бірақ, ол да өткінші.

Мәңгілікке бағытталған құндылық болады. Ол құндылық – Абай мұрасы. Зәру тақырып. 1942-ші соғыс жылы Абай туралы романын жариялағанда жазушының ойы осы бағытта болған деуге негіз бар.

Соғыс аяқталды. Халқымыз орасан қасірет құшағында қалды. Қазақтың санына да, сапасына да ауыр соққы болды. XX ғасырдың отызыншы жылдары «халық жауы» боп ел «қаймағы» атылып, қуғындалып еді, енді жастар қырылды. Қазақ жұрты терең дағдарысқа түсті. Жалған құндылықтар насихатталып, өтірікке өріс ашылды. Коммунистік саясатқа әу баста орныққан эгоизм идеологиялық жүйеге айналып, «әлемдегі әділетті елміз» деген қауесет шынайылық ретінде қалыптасып, оны ақын-жазушылар құптап, жадағай, көркемдік сипаты солғын, жалаң идеологиясы басым шығармалар қардай борады. «Ленин жолы», «Коммунизм жолы» деген атаулар жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтар секілді қаптап кетті. Елуінші- алпысыншы жылдардағы Кеңес одағында шығатын басылымдарды қарастырсаңыз, олардың өн-бойы – тұнып тұрған даңғазу ұран, әлдекімдерді қарғап-сілеу, таусылмайтын «халық жауларын» тауып, әшкерелеу. Құн көсем Ленинге мадақ, Сталинге құлдық. Міне, бұл – Мұхтар Әуезов өмір кешкен заманның «рухани» тынысы.

Туып-өскен жерім Павлодар облысы Лебяжі селосында «Ленин жолы» деген аудандық газет шығып тұрды. Санама екі ұғым қатар енді, бірі – үйреншікті «Ленин жолы», екіншісі тосындау, ол – «Абай жолы». 1961 жылы Мұхтар Әуезов дүниеден өтті. Сол кезде «Абай жолы» деген шығарма туралы жиі айтыла бастады. Ойша Ленин мен Абайды салыстырамын. Байқаймын, Лениннің салмағы басым, бәріміз лениншілміз. Сегізінші сынып (ол кезде класс дейтінбіз) оқушыларымыз, сабақта Ленин жиі айтылады. Ол «оқы, оқы және оқы» депті, онысы маған ұнайды, көп оқимын. Сол кездегі республикалық басылым «Лениншіл жас», облыстық «Қызыл ту», Мәскеуден шығатын «Литературная газетаны» оқимын, бәрі де Ленин жолында. Сөздің қысқасы, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» дегенін түсінбедім, балаң санаммен «Ленин жолы» болған соң, несіне «Абай жолын» қосарлау керек деп ойлаймын.

Анығын кейін білдім, Мұхтар Әуезов үшінші, төртінші кітаптарын 1953, 1955 жылдары «Абай жолы» деген атпен шығарған екен. Бұл қалай?

Әрине, көрегендік, кемеңгерлік. Қай заманда болмасын, кемеңгерлік – мән-мағынасын жоймайтын, қадір-қасиеті мол ұғым. Мұхтар – кемеңгер. Ресми саясат «Ленин жолы», «Коммунизм жолы» деп даурығып жатса, ол «Абай жолы» деп роман-эпопея жазған. Бұдан асқан кемеңгерлік бола ма?!

Мұхтар басын бәйгеге тікті. Оның алашордашыл болғанын Кеңес үкіметі ұмытқан жоқ. Ол отызыншы жылдары абақтыға қамалып, өз қателерімді мойындадым деп «Ашық хат» жазып барып, аман қалды. Бұл да Кеңес саясатының бір айла-шарғысы еді. Оларға Мұхтар Әуезов «халық жауы» болып, атылып кеткенінен, өз кінәсін мойындағаны, оның сағы сынғаны – өзгелерге үлгі боларлық қажетті «саяси ойын». Мұхтар мұның бәрін біледі, түсінеді, бірақ Абай туралы төрт кітаптан тұратын романын қалай болса да, «Ленин жолымен» жарыстыра «Абай жолы» деп атаған. Таңым бар. Саяси қырағы большевик-сыншылар қалай ғана даурығып шыға келмеген, бірақ оның да себебі бар. Мұхтар елуінші жылға дейін Абайды қазақтар арасында насихаттап үлгерді, ендігі жерде тікелей Абайға қарсы шығу – халыққа топырақ шашу, бұл – бір. Екіншіден, Абай дәл осы кезде кеңес өкіметіне де керек еді. Барлық ақындар кертартпа, ұлтшыл, алашордашы, бір сөзбен айтқанда, «халық жауы» болғанда, Абайды ағартушы, ал орыс халқын жақтаушы етіп көрсету қажет болды.

Абайдың жиырма бесінші сөзінде айтқан мына мәселелер коммунистерге ұнады. *«Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес»* (Абай. Алматы, «Жазушы», 1995, 176-177 б.).

Бұл сөздер социалист-коммунистерге майдай жағатын сөздер еді. Абай – реалист, сол заманда орыс тілін, білімін, ғылымын білмеу – қате саясат. Орысша оқу – қажеттілік. Орыс тілін білгенге дүние арзанырақ түседі және орыспен тең дәрежеде сөйлесуге мүмкіндік ашылады.

Осындай ойларын бетке алып, сол заманның «абайтанушылары» Абайды «ағартушы» деп дәріптеді. Оларға Абайдың ойшылдығы емес, оның «ағартушы» болғаны ыңғайлы болды. Сондықтан Мұхтар Әуезов бар ынтасымен Абайдың мұрасын игере бастаған тұста Абайға деген идеологиялық қарсылық бәсең болатын. Оның үстіне, Михаил

КІТАБЫ ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ

Лермонтовтың отызға жуық шығармасын, Александр Пушкиннің «Евгений Онегин» атты өлеңмен жазылған романын жіліктеп аударғаны – бәрі-бәрі Абайды социализмге «жарасымды тұлға» етті.

Осы жайлар Абайдың «жеке басын» сақтап қалды.

Большевик сыншылар шабуылды енді тікелей Абайға емес, оның ақындық мектебіне бұрды.

Кемеңгер Мұхтар Әуезов тек «Абай жолы» атты кең тынысты көркем шығарма ғана жазып қойғаны жоқ. Ол кісі – Абайды және оның ақындық төңірегін түбегейлі зерттеген ғалым. Әлімсақтан белгілі қағида: жаулар өздері жабылып, талқылайтын тұлғаның кім екенін деп анықтап беретіндері бар.

Сәбит Мұқанов сыны. 1911 жылы Орынборда шығатын «Қазақ» газетінде жарияланған Мұхтар Әуезовтің мақаласында Абайдың жолын қуған ақындар туралы айтылған. «Сыншыға» сол мақала ұнамаған. Мұхтар Әуезов мәселені дұрыс қойған, Абай секілді қазақ поэзиясының реформатор ақыны, ойшылы өзіне шәкірттер даярламауы мүмкін емес. Абайдың *«шәкіртсіз ғалым – тұл»* дейтіні де сондықтан. Абай маңында талапты, талантты жастар көп болған. Хакім Абай оларға өлеңнің қандай болатыны туралы талай дәрістер берген. Ол жастарға *«өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Қызынан қыстырар ер данасы»* деп, өсиет қалдырған. Нағыз ақын Ердің данасы болмақ. Ер адам қайратты, Дана адам – ойшыл, яғни сыншыл. Абай әу бастан-ақ қойына қалам ұстағандарға сыншылдық дәстүрді еге білген. Сыншыл болмасаң, қалай нағыз ақын болмақсың? Ақын – өз заманының сыншысы. Нағыз ақын қай заманда болмасын, билікке мазасыздық әкелмек.

Тапшыл коммунист, кеңес өкіметінің насихатшысы Сәбит Мұқановты үркітіп отырған да – осы жай. Бұл біріншіден.

Екіншіден, 1918 жылы Семейде «Абай» атты журнал шыға бастады. Сол журналдың бесінші санында «Абайдан соңғы ақындар» деген мақала жарияланды, автордың лақап аты – «Екеу». Бұл мақалада Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулатов сияқты алашордашылар Абайдың тізіміне қосып мақтауы ойға сыймайды. Әуезов жолдастың, Шәкәрім бандит боп өлгеннен кейін де, оған мейірімді көзбен тұтқан. Бұл большевик Сәбитке ұнамаған. Мейлі. Ол бізге ұнайды. Тарихи шындық. Мақала авторлары «Екеу» дегендер: Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов. Қазақтың екі кемеңгері.

Үшіншіден, «Абайдың шәкірттері кімдер?» деген мәселеге жауап берген. Ташкент қаласында шыққан «Шолпан» журналының 1923 жылғы 2-3 және 4-5 сандарында «Қоңыр» деген лақап атпен «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі»

деген мақала жарияланған. «Қоңыр» деген – Мұхтар Әуезов. Бұл мақалада Мұхтар Әуезов Абайдың ақын шәкірттері ретінде он ақынның атын атайды. Сәбит Мұқановтың айтуынша, сол онның жетеуі совет өкіметіне қарсы болған, есімдері «қара тақтаға» жазылған. «Қара тақта» дегенді ойлап шығарып, оған тізім жасап жүрген де өзі.

Төртіншіден, айтылмыш «сыншы»: «Мәскеуден 1940 жылы шыққан «Абайдың өлеңдері мен поэмаларында» (18 бетте) халық жауы Шәкәрімнің аты аталады. Осы жылғы Абайдың толық жинағында Шәкәрім орнына, одан айырмасы жоқ жау Тұрағұлды және Көкбайды қосады. 1948 жылы толық жинағында солай, тіптен суретін қоса берген», - дейді.

Осының бәрі аз болғандай, Қайым Мұқамедхановқа Мұхтар Әуезов «Абайдың әдеби мектебі» деген ғылыми тақырып берген деп жазғырады. Рас. Мұхтар Әуезов кемеңгер, ол алысты болжаған. Қазақ халқы тұрғанда, Абай – мәңгі, оның ақын шәкірттері, әдеби ортасы да – халықтың асыл қазынасы, мәңгілік мұрасы.

Осы асқақ, көрегендік идеясы үшін Мұхтар Әуезов жазықты. Жақсы жанның жағасынан алу социалистік қоғамның үйреншікті әдеті болған.

Өлгі «сыншы» Абайдың әдеби ортасы немесе шәкірттері дегендерді тізімдеп, қаралап шығады, олар: Шәкәрім, Тұрағұл, Нарманбет Орманбетов, Кәкітай Ысқақов, Мағауия, Көкбай Жанатаев, Әріп Тәңірбергенов, Әсет. Ол осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталған.

Сәбит Мұқановтың қазақ тарихы алдында күнәсі бар. Ол – оның Шәкәрімге қатысты пікірі. «Бұл адам – революцияға дейінгі діншілдік-ұлтшылдық бағытта жазған адам. 1917 жылы революцияға қарсы ұйымдасқан «Алашорда» партиясының Семейдегі облыстық съезін «Алаш ақсақалы» боп ашқан адам, революцияға қарсы бағыттағы «Абай» журналы мен «Сарыарқа» газетіне октябрь революциясына қарсы мақалалар жазған адам. 1929 жылы бай-құлақтарды бастап, Шыңғыстау ауданында совет өкіметіне қарсы құралды көтеріліс жасап, жазықсыз талай адамды өлтіріп, өзі атыста оққа ұшқан адам. Бұндай бандитті (астын сызған мен F. E) ол атылып өлгеннен кейін де, Мұхтар Әуезов жолдастың 1934 жылы да «Абай шәкірттерінің» тізіміне қосып мақтауы ойға сыймайды. Әуезов жолдастың, Шәкәрім бандит боп өлгеннен кейін де, оған мейірімді көзбен қарауы, ең жеңіл тілмен айтқанда - ұят». (Жұлдыз. №11. 2014. 114-115 б.)

Бүгінде дана Шәкәрім туралы бұл айтылғандардың жала екені айқындалды, бірақ кейбіреулердің әлі де дәл большевиктерше ойлайтынын естен шығармауымыз керек. Социалистік қоғам желмен кеткен ебелек болғанымен, оның санадағы қалдығы жойылған емес. Пиғылдарын іштеріне сақтап жүрген «жолдас коммунистер» әлі де бар.

Большевик-сыншылардың тарих алдындағы кінәсіне келсек, ең алдымен айтарым, олар – жақсы мен жаманды айыра алмағандар. Олардың сенгені – утопия. Олар коммунизм деген өтірікке сенді. Олар – атеист, құдайсыз қоғамның белсенді қайраткерлері, сөз танымайтын әсірешілдер. Сөз таныса, Шәкәрімнің өлеңдеріне тамсанып, оның сөзін азық етпей ме? Сөздің қысқасы, жазуды сол кісіден үйренбей ме? Жоқ. Коммунист қаламгерлердің көкірек көздері ашылмаған, көңілдерінде сәуле жоқ. Соқыр сенімнің құлдары, нағыз большевиктерміз деп жүректерін қарайтып алған. Оларға сөз өнері дертпен тең деген жат – түсінік. Олар – жаратушысы берген аз-кем талапты шайтандық жолға салған, адасқан жандар. Олардың келешек туралы ойлары шолақ. Шолақ ой, олақ қоғам, өтірік саясат халқымыздың ұйпа-тұйпасын шығарып баырып, өзі де келмеске кетті-ау, өйтеуір.

Шәкәрімді «бандит» деу – ойдың шолақтығы ғана емес, адамшылық қасиеттің шамалылығы. «Бандит» – адамның, адамзаттың дұшпаны. Керемет өлеңдерін оқып отырып, Шәкәрімді «бандит» деуге кімнің дәті бармақ? Адамның адам алдындағы күнәсін анықтау – Алла тағала ісі. Адамның кінәсін белгілеп, оны жауапты ету тек қана сот шешімі арқылы болмақ. Оңды-солды адамды «бандит» деу мұсылмандыққа жатпайтын іс қой. Қызылдардың, шолақ белсенділердің бейбіт елге қырғидай тиіп отырғанын көріп, біліп жүріп, ел сөзін, мұсылмандықты, адамшылықты жырлаған ақынды «бандит» деу қандай өлшемге сыймақ.

Ұрпақтарымыздың білуі тиіс бір ұғым бар. Сәбит Мұқанов – қазақтың емес, кеңес заманының жазушысы. Ол большевиктер сөзін иеленуші. Большевиктер – тегі жағынан фашизмге жақын саяси ұйым. Большевиктің дәл осындай екенін бұл жазушы білді ме, білмеді ме, ол жағын айта алмаймын, бірақ ол өмірінің соңына дейін большевиктік саясаттан ауытқыған жоқ. Оның тәуелсіздікке қосқан үлесі болмайтындығы да содан. Қазақ елін, халқын тәуелсіздікке бастаған – хакім Абайдың сыншылдығы, оны кеңінен насихат еткен – кемеңгер Мұхтар Әуезов және Абайдың тамаша шәкірті Шәкәрім. Алла тағала барды көптік етпесін, тәуелсіздіктің мазмұны – мұсылмандық, яғни барша адамға мейірбандық, бауырым деп құшақ жаюшылық. Адамның жақсы болуы да, жаман болуы да Алла тағаладан. Адамға сот құру – саяси ойындардың бір түрі, сондай шайтан ойыны социалистік заманда болды. Жақсылық пен жамандықты бір-бірінен айыру әркімнің қолынан келе берер іс емес, ол үшін Абайдай хакім, Мұхтардай кемеңгерді оқып білген жөн.

Ғарифолла ЕСИМ,
ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор

(Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 120 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясынан)

ЗАҢҒАР ЖАЗУШЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

М.Әуезов – сөз зергері, драматург, публицист, зерттеуші-ғалым, ұлағатты ұстаз. Қаламгердің артына қалдырған ізі, құнды мұралары әдебиетімізді, әдеби тілімізді байытып, әлемдік деңгейге көтерді. Сонымен қатар Мұхтар Омарханұлы Әуезов – өмір бойы өз ұлтының рухани мұрасын, мәңгілік құндылықтарын, мәдениеті мен әдебиетін байытудың жолдарын қарастырған ғалым. Солардың бірі – қазақтың тілі, тіл тазалығы, яғни әдеби тіліміздің байлығы. Өз ұлтының рухани қазынасы сөз өнерінде екендігін жетік таныған, жанымен түсіне білген Мұхтар Әуезов өз уақытында қазақтың әдеби тілі туралы көп жазды. Айталық, бұған «Қазақ әдеби тілінің кейбір мәселелері жайында», «Некоторые вопросы развития казахского литературного языка», «Көркем әдебиет тілі туралы», т.б. мақалалары мен зерттеулерін жатқызуға болады [1].

М.Әуезов өзінің шығармашылық өмір жолында: «Жазушы өз дәуіріндегі әдебиет тілін өсіруге, саралауға, шеберлендіруге міндеткер. Романдар оқушыға тіл де үйретеді, өз тілінде кенеулі ой таратып, көрікті, шешен, шебер сөйлеуге баулиды», – деген қағиданы бек ұстанған жазушы. М.Әуезов қандай тақырыпқа қалам тартса да жазушылық шеберлікпен толғады.

Әуезов шеберханасындағы көздің байлығына көз салыңыз. Жағымсыз кейіпкерлерге:

– Ақ көз, айран көз, ала көз, қарала көз, қызыл көз, шегір көз, жайнақ көз, ешкі көз, ит көз, бұқа көз, шұңет көз, томпақ көз, буалтдыр көз, тұманды көз, мысық көз, жіпсік көз, бітік көз, қысық көз, қитар көз, тіміскі көз, ұры көз, ірің көз, жылан көз, сарғыш көз, ақи көз, зәрлі көз, т.б. десе, жағымды кейіпкерлер: – Қара көз, саналы көз, нұрлы көз, қарақат көз, қаракер көз, сұр-тұша көз, сұрғылт көз, қой көз, шаралы көз, тұңғық көз, мөлдір көз, жаудыр көз, нәркес көз, нысаналы көз, көлеңкелі көз, бітік көз,көк көз, көкшіл көз, қыран көз, ителгі көз, шұғылалы көз, сәулелі көз, ойлы көз, отты көз, алмасы бар көз, нұрлы көз, ыстық көз, салқын көз, ажарлы көз, қатра-көк көз, ұзынша көз, үлкен көз, шошақ көз деп береді. Әуезов кейіпкерінде осы көздердің бәрі бар.

Академик Қ.Жаббаров М.О. Әуезов туралы, оның шығармаларының тілі туралы: «... бүтін бір мектеп боларлық шұрайлы тіл», – деп көрсетуі тегіннен тегін айтылмаса керек.

М. Әуезовтің сөз мәдениеті дегенде, оның да Абай сияқты үш рухани бұлақтан: қазақтың шешендік өнерінен, шығыс пен батыстың әдебиетінен нәр алғанын атап өткен жөн. Кез келген тілдік тұлға, ең алдымен, ана тілін дамытушы. Осы орайда ұлы суреткер жазушы Мұхтар Әуезовтің тілдік тұлғасының танымдық шығармашылық нәтижесі ретіндегі нақты прагматикасы – «Абай жолы» эпопеясының тілі.

Даңқты суреткердің дарын-қуатын, шеберлігін бүкіл жұртшылық қауымына мейлінше мол танытқан, түріне мазмұны сай, кемел, бірегей туынды «Абай жолы» роман эпопеясында күрсін арман, созымды адам, өмір аязы, тұмансыз жыршы, сұрғылт топ, жұқа толқындай бұғақ, үйірсек үн, өзімішпін көңіл, өмір дабылы, тоны жібімейтін әке, саналы қайғы, мөлдір үн, сіреу қар, ыстық ермек, мағыналы нұр, жұтаң қыста күн райын баққан бақташыдай, тұңғыш толқынды су, ойлы нұр шырағын жақпандай, меңіреу зұлмы, қысаң тәрбие, өгей өмір, қомағай

топастық» тәрізді окказионалды, көркем сөз қолданыстары бар.

Жазушының дүниені ерекше көркем түсінуі, сезінуі, оның көркемдік әдісі міндетті түрде оның шығармасында көрініс табады. Метафора, метонимия, теңеу, эпитет тәрізді тағы басқа троптардың түрлерін ерекше қолдануда М.Әуезовтей шебер суреткер кемде-кем. Бұлар тіркесе қоймайды–ау деген сөздер суреткер қаламына іліккен кезде, ерекше мазмұнға ие болады, кейіпкерлердің жан дүниелерін ашуға тырысады. Жазушы көріктемей сөйлей алмайды. Метафоралық қолданыс сөз қолданушының айырым танымының сол тілдегі мінезін жан-жақты бейнелейді. Оған мына метафоралар дәлел «Қайша –сүт үстіндегі қаймақ», «Арыстанды сұлаттың ба», «ит болдым ғой», «қанды шелек-ай», «өмен де, семен де басынып, қоржын қылып алады», «жайлауы жарасып отырғанын», «қара сорпаңды ұрттамасам», эпитеттер: «бауыры суық қара жер», «қаны суық өгей шеше», «қадір білмейтін жаман қатын», «аюдай ақырған төркіні жуан күндесің», «астындағы жарау құла бестісі», «ұзын қайық сойлы», «танауы құсырылып, іштері дуспандықпен қатып қалған көп көңілді жандар», «қырыс надандық», «қаны қашқан сарғылт, толанып қалған көңілі», «бөктер тау», «салқын жүз», «сұла науқас», «қайсар көлеңке», «көкшіл ажым», «ақ-көк реңді суық дала», «қайсар мола», «қызылт құйын», «көкшіл көлеңке», «жеңіл мезгіл», «қиракөзік шақ», «алтын арай іңір», «суық лепті күз», «ақ мамық бұлт», «кілегейлі бұлт», «алқара көк», «бұдырсыз алыс көкжиегі», «бұлыңғыр жүдеу аспан» т.б..

Келесіде тоқталатынымыз тұрақты сөз тіркестерінің М.Әуезовтің шығармаларында қалай қолданылатынына назар аударайық. Тұрақты сөз тіркестерінің суреткер М.Әуезов қаламынан қалай туындағандығы жайлы екі түрлі жағдайды атағанды жөн дейміз. Алғашқысы – жалпыхалық тіліндегі қалпында берілуін атадық. Келесіде жеке тіркес күйінде мән-мазмұны түсініктілеу тіркесті өзара қабаттастыра жұмсау арқылы суреткер ойын одан әрі нақтылаған деген ойға келдік. Тұрақты сөз тіркестерінің басым біразында сапалас құрмалас сөйлемдердің сызбасын еске түсіреді (көкірек көре өкіну, жанын жеген мінін қорғау), келесі тұста сабақтас құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы сыңарларының баяндауышы түрінде беріледі (көзге шұқып, басқа ұру, жаға жырытып, тон тоздыру). Тұрақты сөз тіркестерді дәл осылай өзгертіп, құбылту арқылы жұмсау М.Әуезовтің сөз таңдау шеберлігін білдіреді.

М.Әуезов өзінің әрбір көркем туындыларындағыдай, әдебиеттанудың көкейкесті проблемаларын жазған сын мақаласында жалпыхалықтық тілдің бар байлығын еркін жұмсаған. Яғни халық аузындағы фразеологизмдерді «дайын күйінде» қолданып қана жұмсап қоймай, өзіне тән қолданыстарды өмірге әкелген болатын: күле отырып, біле отырып, ойнап отырып, ойлап отырып; өнер – елдің бел баласы; ғылым жолы терінің пұшпағы емес т.с.с.

М.Әуезов шығармашылығындағы морфологиялық тұлғалардың ерекше қолданысына назар аударған кезде, біршама қаламгерлерге тән өзіндік ерекшеліктерді байқадық деуге болады. Сөз зергері ауыз әдебиетіндегі, Абай шығармаларындағы морфологиялық тұлғаларға жиі жүгінеді екен.

(Мәселен: алар болсам; безбек болсам; айрылмақ емес; бағын байлауы мүмкін)

Сондай-ақ қаламгер өзге тілдегі сөз орамдарын шығармашылықпен жұмсаудың ерекше енегісін көрсетеді. Бастапқыда оғаш көрінгенмен, алайда кейіннен сіңісіп кетері сөзсіз. Осы ыңғайда көмектес, кейде табыс, барыс септіктеріндегі сөздердің байланыстарын атап өткен жөн) қыстапақпен пайдалану; мұңмен жүдеу; тілеулестікпен тебірену; қою қызғылтпен ду ете түсу; көңілмен алыстау; оттылықпен қарау; ызамен қайнау; жасқа үлкен; көршілерімізді зекіменіз т.б.).

Автор сөйлем құру амалына өте мұқият қарайды. Сөйлемдерді қысқа қайыру көбінесе стильдік мақсат көздейді. Қысқа, тіпті кейде жалаң сөйлемге логикалық екпін аударылады. Мысалы: Бұл Абай кешірген дәуірдің ақыны. Заманы бір. Таптық тұрғылары да жақын. Сондықтан жоғарыда айтылған көп жайлары Абайдікіне ұқсас шығуы ғажал емес. Сонымен қатар екеуінде айырма тағы бар. Ол негізде болмаса да тақырып – тәсілден, сол тақырыпты суретті өнер көлемінде қалыптауынан көрінеді.

Бұл сөйлемдегі заманы бір, таптығы жақын дегенге ой екпіннің түсіріп айтады. Тіл білімінде бұл құбылыстарды парцелляция деп, "отау болып" шығатын мүшені парцеллят деп атайды.

Суреткердің сөйлемді жаңа үлгіде құрудағы әуезовтық жаңалықтарының бірі лингвопоэтикалық, лингвостилистикалық шеңбердегілер. Бұлардың ішіндегі ең жиірек қолданылатыны – есімшелерге –дай/дей жұрнағының сөйлемдегі баяндауыштық қызмет атқаратындығы. Мәселен, Табан астындағы жайдақ тастақтың өзі де еңістеніп, жылдамдатып, терең түкпірге жетелеп бара жатқандай; Әбіш айтқан сөзден шошынарын да, қуанарын да білмегендей; Жаңа айтылған сөзден анық бақыт тапқандай т.б. [32, 78].

М.О. Әуезовті тілдік тұлға ретінде танытатын қырының бірі – оның драмалық шығармаларындағы суреткерлік қыры. Жазушының пьесаларының тіліне назар аударатын болсақ, ең әуелі онда қазақтың байырғы сөздерінің ерекше орын алатынын байқаймыз. Тіпті жазушының өзінде ғана кездесетін сөз тіркестерін оқып, таң қаласыз, мысалы, «Кеден кеден болды, кедергі неден болды?» бұл сөз қазір тілімізде «таможня» сөзінің аудармасы ретінде қолданылып жүр. Енді осы кеден сөзінің мағынасына зер салсақ, түркі тіліндегі тамаға, таңба деген сөзден шыққан, сонда бұл жердегі кеден деген сөз кедергі сөзінің синонимі ретінде алынған деуге болады. Олай дейтін себебіміз «таможня» сөзінің аудармасындағы кеденнің негізгі мағынасы заттардың, адамдардың, көліктердің өтіп кетуіне кедергі жасау дегенді білдіретіндігі. Ана тіліміздегі байырғы сөздердің барлығы дерлік жазушының драмалық шығармаларының негізгі қаңқасын құрайтынын көруге болады, яғни жазушы өз туған тілінің негізгі байлығының барлық мүмкіндіктерін сарқа пайдаланған.

Олай болса, М.Әуезовтің ұлылығы сол, ол қазақтың әдеби тілінің, көркем сөз үлгісінің барлық қадір-қасиетін, байлығын өз шығармаларында жандандырып қолдана білген және сол қазынаға жаңадан сөз үлгілерін қосқан.


Эльмира САМЕКБАЕВА,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент

«В каком бы жанре ни работал М.Ауэзов, он всегда восхищал не только глубиной философской мысли, но и художественным совершенством своих произведений».

Ануар Алимжанов,
писатель

Творчество писателя и ученого, лауреата Ленинской премии Мухтара Омархановича Ауэзова, отличается многогранностью жанров в литературе и искусстве. Его перу подвластны проза и драматургия, либретто первых киносценариев, опер и балетов. Стоявший у истоков зарождения казахского театра, он написал первую пьесу, сценарии первой музыкальной драмы, оперы о великом акыне Абае и первого национального балета.

Свою литературную деятельность Мухтар Ауэзов начинал как драматург; в двадцать лет написав первую пьесу «Еңлік-Кебек» по следам подлинных исторических событий, произошедших в XVIII веке на родине писателя. Этой пьесой открыл свой занавес первый Казахский драматический театр в 1926 году, ныне носящий имя Мухтара Ауэзова. Впоследствии для первого музыкального театра (ныне ГАТОБ имени Абая), открывшегося в 1934 году, он написал либретто первой казахской музыкальной комедии «Айман-Шолпан», а также появились либретто опер, рожденных под его пером. Зарождение первого



На фото: создатели балета «Калкаман – Мамыр»: О. Тансыкбаев – художник, М. Ауэзов – автор либретто, Ш. Жиенкулова – исполнительница главной партии, К. Жандарбеков – режиссер, Ф. Кузьмич – дирижер, В. Великанов – композитор, Л. Жуков – балетмейстер.

ТВОРЧЕСТВО АУЭЗОВА В БАЛЕТНОМ ИСКУССТВЕ

национального балета «Калкаман и Мамыр» также связано с его именем.

Балет «Калкаман и Мамыр» был создан в 1938 году по одноименной поэме Шакарима Кудайбердыева на основе народной легенды. Автор либретто М.О.Ауэзов. Для постановки спектакля были приглашены молодой композитор В. Великанов из Петербурга, балетмейстер Л. Жуков из Большого театра СССР. Для оформления балета специально из Узбекистана был приглашен художник Урал Тансыкбаев (1904–1974), народный художник Узбекистана, действительный член АН художеств СССР, известный художник-пейзажист, казах по происхождению, но живший в Узбекистане.

Композитор Василий Васильевич Великанов, заслуженный деятель искусств Казахской ССР, использовал богатый казахский музыкальный фольклор для сцен лирического и драматического содержания, каждый музыкальный образ раскрывает психологию персонажей балета. Например, для образа главной героини Мамыр музыкальное воплощение получили лирические народные песни «Гайни», «Женгешей», «Үридай сәулем», «Жетіарал».

В роли Мамыр выступила Шара Жиенкулова, первая танцовщица казахского балета, народная артистка Казахстана, которая, не обладая основами классического балета, танцевала в ичигах и национальном костюме, свою роль проводила более в бытовом плане. Своими неповторимыми пластическими движениями она смогла передать в танце и лиризм, и драматизм образа Мамыр. Другая исполнительница роли Мамыр Б.Сайфудинова танцевала на пальцах и в балетных костюмах. Учитывая техническую подготовленность двух разноплановых танцовщиц, балетмейстер поставил для них разную хореографию. Калкамана танцевали Г.Измайлов, Л.Жуков. Дирижировал

первым спектаклем Ф.Кузьмич, режиссер К.Жандарбеков.

Премьера состоялась 24 июня 1938 года. Балет в трех действиях с прологом. Из народного сказания в основу либретто взят конфликт, типичный для патриархального общества, – обычай левирата, по которому невеста жениха, умершего до свадьбы, отдается в жены его ближайшему родственнику. Мухтар Ауэзов, полностью сохранив сюжет поэмы, изменил лишь ее концовку. В поэме молодые герои Калкамана и Мамыр гибнут, а в либретто они побеждают. Они побеждают в борьбе с родовыми законами, одержав победу над угнетателями вообще.

Постановка первого национального балета широко освещалась в средствах массовой информации, где восторженно отмечались достоинства сценического решения балета, танцевальное мастерство исполнителей, указывались и отдельные недочеты, что было вполне естественным при отсутствии опыта в постановках национальных балетов, требующих особой пластики в сочетании с движениями классического балета. В частности, автор Левина в газетной статье писала: «Балет «Калкаман и Мамыр» – крупная, серьезная победа. Победа композитора В.Великанова и либреттиста М.Ауэзова, победа заслуженного артиста РСФСР Л.Жукова и первой танцовщицы казахского балета, народной артистки Шары Жиенкуловой. Это победа всего коллектива, который в этом спектакле показал свою волю и стремление к овладению сложной техникой танца. Это крупная победа художника Урала Тансыкбаева, благодаря которому на сцене мы видели подлинный Казахстан... В творческом содружестве – залог успеха спектакля. Спектакля смелого, волнующего, лишеного традиционных штампов и положений».

Следующий балет появился благодаря пьесе писателя. Известная трагедия «Кара-

гоз» была написана М. Ауэзовым в 1926 году. Несколько десятилетий она идет на сцене главного драматического театра республики – Казахского академического драматического театра имени М.О. Ауэзова в Алматы, а также в областных драматических театрах. В 1987 году композитор Газиза Жубанова написала музыку для балета по драме Мухтара Ауэзова.

Премьера балета «Карагоз» состоялась 5 декабря 2014 года на сцене театра «Астана-Опера». Режиссер-постановщик Вакиль Усманов (Австрия), дирижер Абзал Мухитдинов. В основе – драма «Карагоз». Балет имеет подзаголовок «Драматические страницы любви». В основе сюжета – любовный треугольник – Нарша – Карагоз – Сырым. Острохарактерный персонаж – бабушка Моржан, горячо любящая Карагоз, но и свято хранящая законы предков. Два действия, девять картин с прологом и эпилогом. Исполнители: Карагоз – Мадина Баспаева, Айгерим Беке-таева и Анель Рустемова, Сырым – Бахтияр Адамжан и Арман Уразов, Нарша – заслуженный деятель РК Таир Гатауов, Моржан, бабушка Карагоз – заслуженный деятель РК Гаухар Усина. Художники-постановщики С.Тасмагамбетова, П.Драгунов. Премьера балета и последующие спектакли прошли с большим успехом. По мнению Е. Долинской, доктора искусствоведения (Москва): «Каждый из представленных образов наделен своим хореографическим языком с закрепленным типом движений».

Палитра драматических произведений Мухтара Ауэзова настолько богата, что нас еще ждут впереди новые открытия на оперной и балетной сценах.

Фатима ОРАЗБЕКОВА,
педагог-ветеран,
член Союза журналистов РК
Республика Казахстан, г.Тараз,
Таразский региональный
университет имени М.Х. Дулати

«АБАЙ ЖОЛЫ»

РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ САЛТ-ДӘСТҮРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

«Абай жолы» роман-эпопеясында Мұхтар Әуезов ұлы ақын Абай Құнанбаевтың жеке өмірін, күресін ғана суреттеп қоймайды, сонымен бірге ақын өмір сүрген сол дәуірдің шындығын мейлінше мол әрі терең бейнелейді. «Абай жолы» роман-эпопеясында, суретшінің дәуір шындығы, феодалдық-рулық тартыстар, көшпелі қоғамдағы топтың жіктелуі, қарапайым еңбек адамының аянышты, азапты өмірі ғана емес, XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ халқының таным-түсінігі, әдет-ғұрпы, салт-жоралғылары, көшпелі тұрмысы, бір сөзбен айтқанда, қазақ халқының өмірі, жан-жақты эпикалық планда, энциклопедиялық тұрғыдан терең суреттеліп жазылған.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, өмір сүруін жан-жақты бейнелейтін Мұхтар Әуезовтың энциклопедиялық «Абай жолы» роман-эпопеясындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, халықтың әдет-ғұрпын фразеологиялық терең суреттелген тұсын ғана алып талдайтын болсақ. Біз қазір белгілі бір жағдайда орындалатын халқымыздың салт-дәстүрін ондағы қолданылған тұрақты сөз тіркестері туралы біле бермейміз.

Халық қазынасы болған фразеологизмдердің талай заманды басынан көшіріп, өңделе, ажарлана отырып, әбден шыңдалған сарасы ғана халық санасында сақталады.

Мен ғылыми жұмысты жазу барысында салт-дәстүрге байланысты қолданылатын фразеологизмдердің берілу жолдарына, олардың сөз табына қатыстылығы мәселелеріне тоқталдым. Сонымен қатар, салт-дәстүрлеріміздің ішіндегі ауқымдыларына, яғни қыз ұзатуға байланысты қолданылатын салт-дәстүрлеріміздің тұрақты тіркестермен берілуіне, қаза ғұрыптарының тұрақты тіркестермен берілуіне және де балаға байланысты қолданылатын салт-дәстүрлеріміздің тұрақты тіркестермен берілу жолдарына, олардың көркем шығармада қолданылуына тоқталып, нақты мысалдармен дәлелдеуге әрекет жасадым.

I. Кеңесбаевтің авторлығымен жарыққа шыққан «Фразеологиялық сөздікті» басшылыққа ала отырып, ондағы кездесетін салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдердің берілу жолдарына тоқталып, фразеологиялық сөздік тілдегі сан алуан сөз тіркестерін қамтиды. Қазақ тілі неше қилы фразеологиялық сөз тіркестеріне өте бай, соның ішінде салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдер де молынан қамтылған. Сөздікте әрбір фразеологизмдердің мағынасына түсініктеме беріліп, қолданылу орайы келтірілген. Сонымен қатар, қазақ фразеологизмдерінің синонимдері мен варианттары да, мүмкін болғанынша жинақталып берілген. Кей жағдайда



салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдердің пайда болуы жайы да сөз болып отырады. Яғни, бұдан лексикология мен фразеологизмдер өзара тығыз байланыста екенін көре аламыз. Жалпы фразеологизмдер сөздікте берілгенде ұйытқы сөздің ұясына топтастырылады. Сонымен қатар, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдер де сол заңдылықпен топтастырылған десек қателеспейміз. Мәселен, сөздікте қайтыс болған адамның артын күтуді бірнеше фразеологизмдермен берген. Атап айтатын болсақ:

1. **Дүниеге гүлі солған, шырағы сөнген** тұлдырдай қарап жүдеді. «Абай жолы» роман-эпопеясы 278-бет.

Гүлі солған, шырағы сөнген – өлген адам.

2. Бірақ әрқашан: **«Ұшқан шыбын, жоғалған қоңыз жоқ** қайтып келеді». «Абай жолы» роман-эпопеясы 329-бет.

Ұшқан шыбын, жоғалған қоңыз жоқ – қыбыр еткен жан жоқ.

3. Аңыраған ел, жер қойысқан қалың топыр боп кеп бірнеше күн жыласып аза салып болды да, Бөжейдің **жаназасын шығарды**. «Абай жолы» роман-эпопеясы 179-бет.

Жаназасын шығарды – өлген адамға құран шығарды.

4. Құнанбайдың үлкен үйі үш саба, бір ту бие, бір той сойыс апарады және **азаға салғаным бар** деп Зере мен Ұлжан түйе апаратын болды. «Абай жолы» роман-эпопеясы 176-бет.

Азаға салғаным – қаралы үйге жиын асына, асқа, деп үлес сыбаға беру.

5. Өткен түні ел жатар кезде **жантәслим** қылты. «Абай жолы» роман-эпопеясы 173-бет.

Жантәслим – қаза болды, қайтыс болды.

Көріп отырғанымыздай, мұндағы тіркестердің бәрі де бір ғана «аза» сөзінің бойына топтастырылған. Мұның бәрі де тілімізде жарыса қолданылады. Сондықтан да сөздікте мағынасын ашып, қолданылу аясын анықтап көрсеткен. Осы қаза ғұрыптарына байланысты қолданылатын тұрақты тіркестер баршылық.

Сонымен қатар, «ұрын келудің» «қалыңдық ойнау» тіркесімен де кездесетін кездері болады. Ал «есік көрсетуді» «ірге көру» деп те атайды. Ойымызды нақты әрі дәлелді қорыту үшін көркем шығармадан алынған мысалдармен дәлелдеп өтейік.

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында «ұрын келуге» байланысты мынадай мысал келтіреді.

Осы байлаумен қатар, Құнанбай енді

Ұлжанның басқа екі баласы туралы да жаңалық айтты. Оның біреуі – Тәкежан туралы. Былтыр ұрын барып келген Тәкежан енді осы жақында үйленбек. Қайны болса, бар малын алған.

Айтылған ойымызды қорытындылайтын болсақ, «ұрын келудің» «есік көрсету», «ірге көру», «қалыңдық ойнау», «қынаменде» деген синонимдері бар екенін байқадық. Жалпы тұрақты тіркестер жеке сөздің орнына жұмсалып қана қоймайды, сонымен қатар мән-мағынасы жағынан үйлес келіп, бірінің орнына бірі балама болып та қолданыла береді. Мұндай құбылыс тіл білімінде фразеологиялық синонимдер деп аталатыны баршамызға белгілі. Қазақ тілі лексикалық синонимдерге қандай бай болса, фразеологиялық синонимдерге де соншалықты бай.

Тілдегі лексикалық синонимдер мен фразеологиялық синонимдер екеуі екі түрлі аталғанмен түптеп келгенде, бір мақсатқа қызмет етеді. Ол мақсат – ойлаған ойды жеткізе, жан-жақты баяндау болып табылады. Сондықтан бұл екеуі үнемі бірлікте, өзара тығыз қарым-қатынаста, тұтас бір бүтін нәрсенің екі жағы деп қаралуға тиіс.

«Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығы» деген тараушасында олардың қай сөз табына жататындығы қарастырылды және де оларды нақты мысалдармен дәлелдеп отырдық.

Тұрақты тіркестердің белгілі сөз табына қатыстылығын әрбір тіркестердегі сөздердің грамматикалық сипатына қарап танып білуге болады. Алайда, тіркестегі негізгі сөздердің лексика-грамматикалық мағынасы мен фразеологизмдердің тұдыратын мағыналары үшін үнемі сәйкес келе бермейді. Мәселен, «арасынан қыл өтпейді» деген идиомның сыртқы грамматикалық сипатына қарасақ, етістікке жататын сияқты. Ал мұның беретін ұғымы тату-тәтті дос деген сын есімге қатысты болып тұр. Олай болса, фразеологизмдердің қай сөз табына қатыстылығын анықтау үшін, негізгі сөз бен жалпы тіркестен тұратын фразеологиялық мағынаны салыстырып отыру қажет.

Жалпы қазақ тіліндегі фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығы жағынан ең көбі етістік фразеологизмдер. Онан кейінгілері сындық және заттық мағынадағы фразеологизмдер. Бұл үшеуінен азырағы үстеу мағынасындағы фразеологизмдер. Бұлар жалпы фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығы туралы айтылса, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдер де осы заңдылықтың негізінде жасалады. Оларды жинақтай келгенде, мұнда да етістік мағыналы, зат есім мағыналы және етістік мағыналы фразеологизмдердің көптеп кездесетінін байқадық. Негізінде фразеологизмдерді нақты бір сөз табына жатады деу – қате түсінік. Олар контексте, яғни сөйлемдегі беретін мағынасына, атқаратын қызметіне байланысты болып келеді. Етістікке жатады деп дәлелдеген фразеологизміміз сөйлем ішінде зат есім болып шығуы әбден мүмкін. Мысалы, «құда түсу» деген тұрақты тіркеспен келген салт-дәстүр сырт тұлғасы жағынан етістік сөз табына жатады, сөйлемде етістік қызметін атқарады. Мысалы:

Әкесі төрде сілейіп әлі тұр. Кемпірі: «Оу, сен сабаға не болған?» - деп еді, сонда барып тіл бітті. «Е, қатын, Қыдырбайға құда түстім, ырзық дарыған үй еді, қызын беретін болды» — деді.

«Оу, сен сабаға не болған?» - деп еді, сонда барып тіл бітті. «Е, қатын, Қыдырбайға құда түстім, ырзық дарыған үй еді, қызын беретін болды» — деді.


Бұл сөйлемде «құда түсу» етістік болып тұр. Ал, осы «құда түсу» кейде субстантивтеніп барып, яғни заттанып зет есімнің қызметінде жұмсалатын кездері де болады. Мысалы:

1. Бірақ, кімге... Енді құда түсе келген біреуіне беріп жіберсе, бұған дейін құда түскендер одан сайын өшікпей ме... — Адам күліп алды:

Алдымен мына шүйкебастарға құда түскендерден қалыңмал алайын. Қабырғамызға шыр байлап алайықшы. Сонан соң іздеп жүріп, сұлу қалыңдық тауып берем.

Бұдан шығатын қорытынды, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдердің құрамы жағынан ең кең қолданыс тапқаны – етістік пен есімдер тобы және үстеу мағыналы фразеологизмдер де кездесіп отырады. Құрылысы жағынан мол кездесетіні – есім мен етістіктің тіркесіп келуі.

Жазушы өз шығармасында фразеологиялық тіркестерді орайын тауып, молынан қолдануы шығарманың



тілін әрі бай, әрі нәрлі етеді. Біздің «Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдердің көркем әдебиеттегі көрінісі» атты тарауымызда осы мәселелерді қарастырған болатынбыз.

Фразеологизмдер көркем шығарма тілін жандандырумен бірге, шығарма тіліне ұлттық колорит те береді. М.Әуезов туындысында фразеологизмдер, соның ішінде қаза ғұрыптарына байланысты қолданылатын фразеологизмдер, міне, осындай қасиетімен көзге түседі. «Қаза ғұрыптарына байланысты қолданылатын фразеологизмдердің тұрақты тіркестермен берілуі» атты тарауымызда қаза ғұрыптарының мағыналары ашылып, олардың атқаратын қызметтерін көркем шығармадан алынған нақты мысалдармен дәлелдеп өттік. Қазақ халқында қаза ғұрыптарының саны біршама баршылық.

Сонымен қатар, балаға байланысты қолданылатын тұрақты тіркестерді де осы заңдылықтардың негізінде жүйелеп, олардың мағыналарын ашып, қазақ халқында олардың алатын орындарының қандай екенін дәлелдеп отырдық.

Қорыта айтатын болсақ, қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыпна байланысты қолданылатын фразеологизмдерінің өзіндік орны, маңыздылығы бар екеніне көзімізді жеткіздік. Алға қойған міндеттерді орындау барысында Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында тұрақты сөз тіркестерінен ұтымды пайдалана алған.

Бауыржан САЙФУЛЛАЕВ,
оқытушы
Өзбекстан Республикасы,
Ташкент, Низами атындағы
Ташкент мемлекеттік
педагогика университеті

М.ӘУЕЗОВТИҢ ТҰҢҒЫШ ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ГУМАНИСТІК ОЙ МЕН МЕЙІРІМ



Әдебиет тарихында алғашқы шығармалармен бірден танылып, талантын паш еткен ақын-жазушылар некен-саяқ. Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің тұңғыш жарық көрген «Қорғансыздың күні» шығармасы осындай болашақ ұлы жазушының суреткерлік дарынын, шығармашылық қуатын толығымен көрсеткен дүние болды. С.Мұқановша айтқанда, «Өзінің тұңғыш әңгімесімен европалық деңгейге көтерілді» [1]. Әңгіменің тілі, оқиға желісінің, сюжеттік тартыстың шырғығындағы композициялық құрылым, ішкі жан дүние әлемі терең ашылған, мейлінше дараланған көркем бейнелерге толы. Бұл әңгіме жазылған кезде Әуезов 23-24 жас шамасында, ал әңгіменің өзі 1921 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының қосарланып шыққан 3-4-сандарында жарияланған. Жазушы адам бойындағы пәктік пен сұлулықты әділетсіздік пен азғындыққа қарсы қоя, жарыстыра суреттеу арқылы қазақ әдебиетіне классикалық психологиялық прозаның үлгісін әкелді. Жалпы төл әдебиетіміздің классикалық үлгілерінің қатарындағы «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы» повестері М.Әуезовтің Ленинград мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп, әлемдік әдебиеттің тарихымен де, теориясымен де танысып, жан-жақты, терең де білім алып, біраз көркем шығармашылық тәжірибе жинақтаған кезінде жазылған. Тұңғыш дүниенің әдеби-көркемдік деңгейі өте биік. Тіптен жазушылық шеберліктің мінсіз үлгісі дерлік. Әуезовтің өмірді ойшыл ретінде тану, қорыту деңгейінің өте жоғары болғанына көз жеткіземіз. Танымдық мүмкіндіктер жазушыға тақырып таңдауға келгенде, өмірлік материалды тануда зор көмек екені белгілі. «Қорғансыздың күні» оқиғанда автордың хас шеберлігімен қатар жазушы-баяндаушының айқын гуманистік ойын, мейірім мен аяушылық сезімінің ыстық табын аңдаймыз. М. Әуезов бұл әңгімесінде зорлықшыл, мейірімсіз адамның сол кездегі қазақ қоғамында кездескен ең бір шектен шыққан үлгісін жасаған. Жазушы зорлықшылдың образын аша түсу үшін қорғансыз күйдегі ер азаматынан айырылған отбасының хал-ахуалын үлкен көркемдік қуатпен суреттеп шыққан. Жүрегіңде титтей де кісілік ұшқыны бар көптеген адамның аяушылық сезімі оянатын жағдай. Жүдеу үйде өздерін шын пейілдерімен қонақ етіп, мұңын шағып әңгіме айтып отырған қорғансыз әйелдерді қорлап Ақан болыстың нәпсі үшін ғана бейкүнә бала қызға зорлық істеп арын аяққа таптауға баруы тіптен әлемдік әдебиетте сирек кездесетін ең сорақы зорлық, оңбағандық көрінісі. Бұл сұмдық зұлмдықтан кейін бала қыз қайтпек? Шектен шыққан қорлық, жан азабы арлы баланы есінен тандырып есеңгіретеді. Зорлықшыл отырған үйге қайтып кіре алмайды. Шешесі мен әжесіне көріну де азап. Қорлық көрген адамның, әсіресе, жас баланың баратын жері, бас сауғалайтын орны көбіне ата-

ана, жақын-туыстарының бейіті. Автор бұл жерді мейлінше психологиялық дәлдікпен реалистік ұстаныммен суреттейді. Осы оқиғаға қатысты өз сезімін, өз ойын да ашық айтады. Ғазизаның көңілінде қалған ойдың ең ақырғы бұйрығы: әкесі мен бауырының бейітіне барып, екеуінің арасында отырып зарлау! Дүниеде жетім болып, жалғыз қалғандағы басынан кешірген қасіретін шығару, азабын, дертін айту. Ғазиза бейітті бетіне алып: «А, құдай, ендігі бар тілегім-осы көкемнің басына жеткізі!», - деп жүріп кетті». Бұл үзіндіде Ғазизаның өлімінің алдындағы ішкі жан толқынысы, әкесінің бейітінің басына алып барған себептер тек көркемдік тұрғыдан ғана емес, психологиялық, тіпті физиологиялық тұрғыдан да өте дәл жазылған. Мұндағы Ғазиза өлімінің себептері Бейшара Лизаның, Анна Каренинаның өлімінен мүлдем басқа. Адами тұрғыдан да, діни тұрғыдан да адал өлім. Көрсөкыр зорлық, қорғансыз күй бейкүнә Ғазизаға ешқандай басқа таңдау қалдырмады.

«Қорғансыздың күнінде» көркем образ жасау, сюжет құру, композициялық, фабулалық құрылым, тіл шеберлігі, реалистік тереңдік тұрғысынан келгенде титтей де кем соғып тұрған жоқ. Бұл туынды тіпті кемеліне келген әдеби ортаның талантты, тәжірибелі өкілінің шығармасы сияқты. Жас, балаң жазушының қолынан шыққаны тек жазушының өз кейіпкерлерім деген айқын, ыстық ықпалынан, мейірім төгіп тұрған анық айшықталған терең гуманистік лебінен ғана байқалады [2,56].

Шығармада сюжеттік оқиғаларды алып жүретін үш баяндау стилі бар. Әңгімеде Күшікбайдың ерлігін сипаттайтын жеке әңгімеге келетіндей шығарманың уақыттық, кеңістіктік аясын ұзартып, кеңітіп тастайтын бөлігі ауызша әңгімені баяндаушының (автордың) одан ары ықшамдай түскен түрінде берілген. Ғазизаның әжесінің әңгімесі өте дәл берілген: ауызша әңгіменің психологиясына жан дүниесіне, хикаяттағы белгідерек штрихтарға сүйене қарасақ, анық бақытты болуға, мейірім жан. Әңгіменің қалған бөлігі, пейзаждары Әуезовтің классикалық, эпикалық өз стилінде. Әңгіме тау суреттемесінен басталады. Табиғат қатал мінезге басып, қыр көрсете ызғар шашып, Арқалық бойын бораннан босатпай, тіпті кедейшілігіне де себеп болды. Ата қонысты тастауға қимай, тұрғыны да көнбістікке бой алдырған еді. Шығарма басынан-ақ адамзат тіршілігі мен табиғат мінезін осылайша өріле суреттелуі, шығарма бойында бұған жалғас бір ызғардың бар екендігінен белгі беріп тұрғандай [3,103б]. Бұл - озық үлгісі бар елдер әдебиетінде Әуезовке дейін қалыптасқан тәсіл. Жас жазушының тұсау кесер еңбегінде-ақ осыншалықты көрегендік танытуы классикалық шеберліктен үлгі алуында. Автордың көздеген межесі, айтпақ ойы - бейкүнә, ызғай Ғазизаның жазықсыз қорланып, запыран жұтқанын, жанын өлімге қиғанын жеткізу. Автор бұл мақсатына,

оқиғаның шарықтау шегіне қалай жетті? Жазушы шығарманың басындағы табиғат суреті мен Ғазизаның қабір басындағы өмірмен қоштасу сәтіне дейінгі аралықта тұйықталған белгілі бір тұтастыққа жету үшін біршама ойды ағытады. Табиғат суретінен кейін әңгіме өзегі Күшікбай кезеңіне ауысып, батырдың өмір сүрген уақыты, ерлігі баяндалады. Автор Күшікбай кезеңін суреттеуде жер тарихына ғана шолу жасаған жоқ, сонымен қатар Күшікбай өлімі мен жас сұлу Ғазиза өлімін салыстыра, сабақтастыра көрсеткен. Мұратына жете алмай, жас күнінде қуаты қайнап, долдана өлген Күшікбай жайлы баяндалғаннан соң ғана Январь айының аяқ кезі» [3,105б] деп, әңгіме өзегі негізгі оқиғаға ауады. Қаладан елге қайтып келе жатқан жүргіншілер болыс Ақан мен оның жылпос серігі Қалтайға берілген мінездемелер қысқа болғанмен, Ақанның түнгі жүріске, құмарлыққа бейімділігі мен қожайынның көңілінен шығу үшін жанын салатын Қалтайдың арам пиғылды адам екенін де аңғаруға болады [3,106б] Жүргіншілер бейіт секілді мүләйім, қыс басынан қары күрелмеген жұпны үйге түнемекке тоқтаған. Бұл тұста Қалтай өзінің жымсықы ойын санасында пісіріп те қойған еді. Таяуда ғана екі бірдей өлік шыққан қаралы үйдің қалған ендігі тұрғындары кемпір, соқыр әйел, жас қыз Ғазиза [3,109 б]. Үй иелері жолаушыларды бар бейілімен қарсы алып, олардың ат басын осы үйге бұрғанына қуанған да. Шей үстінде кемпір болысты қан жұтып отырған қалпына қанық етті. Бірақ қуаныш қызығы да, үміт қорғаны да сол суық қабырға өліктермен бірге кемілген жандардың тірлігі бұл босағаны өз қулығын асыру үшін ғана атаған жүргіншілердің сезімін оятып, селт еткізе қоймады. Жазушы Ақанның безбүйректігін мына жолдарда көрсетеді: «Жалғыз-ақ сол әңгіменің ішінде болып қорлық көруші, ыза шегуші қайраты қуаты жоқ сорлы кемпірдің өзі айтқандығы аз ғана жүрегінің тыныштық, сезімсіз қалпын бұзғандай болып отырды» [3,112б]. Ғазизаның арын төгіп, айуандығын асырған Ақан өз кесірінен боранды түрде ізім-ғайым жоғалған бейкүнәні іздеуге де бармай, кемпірдің зарынан құтылғанша асық болып, таңды атырған соң беті бүлік етпестен жүріп кетті. Таң атқанша Ақанның сабасына түсіп, шалыс ісіне баға беріп, қателігін түсінетін уақыты болған еді. Бірақ аузы қанға былғанған аш қасқырдың шімірікпестен сол отауға қайта енуге дәрмені жетті. Жазушы бейкүнәға қиянат жасаған Ақанды оқиға ортасынан бірден алып кетпейді, оның Ғазиза үйіне қайта кіріп, таңды атырғанымен, шектен шыққан қаныпезерлігін көрсетеді. Кемпірдің зары оның мазасын алды, жылап отырғандар ортасы оған соншалықты қолайсыз көрінді, дегенмен, ол үйден де шығып кете алмады, таңның атысын күтті. Бұған себеп, екі аяқты қорқау дала қорқауларына жем болғысы келмеді. Автор Ақанның сұм әрекетіне қоса әлсіз тұсын да көрсете алды. Ғазиза ше? Қорлық пен мазақ көрген Ғазизаның ал-



дында бірі өмірге, бірі өлімге апарар екі айырым жол жатты. «Жастығына лайық болған үміт, қиялдың бәрі де ойын басқан қараңғылыққа батты, көңіліндегі өмір сүрсем деген оттың ақырғы жалыны сөнді. Ғазизаның көңілін бұл қиял көрмеген сайын, үйге кіру керексіз бола бастады» [3,121б]. Қорлыққа төзбеген Ғазиза әкесі мен бауырының бейіті басынан соңғы демін шығарды. Ары аяққа тапталған қаршадай қыз жұбаныш пен жылы алақан іздеп шешелеріне шағымданбай, өзегі өксікке толған күйі қабір басында жарық дүниемен қоштасты. Т.Ақшолоақов «Қорғансыздың күні» жөнінде: Осы кемпір, соқыр әйел, жас қыз Ғазиза [3,109 б]. Үй иелері жолаушыларды бар бейілімен қарсы алып, олардың ат басын осы үйге бұрғанына қуанған да. Шей үстінде кемпір болысты қан жұтып отырған қалпына қанық етті. Бірақ қуаныш қызығы да, үміт қорғаны да сол суық қабырға өліктермен бірге кемілген жандардың тірлігі бұл босағаны өз қулығын асыру үшін ғана атаған жүргіншілердің сезімін оятып, селт еткізе қоймады. Жазушы Ақанның безбүйректігін мына жолдарда көрсетеді: «Жалғыз-ақ сол әңгіменің ішінде болып қорлық көруші, ыза шегуші қайраты қуаты жоқ сорлы кемпірдің өзі айтқандығы аз ғана жүрегінің тыныштық, сезімсіз қалпын бұзғандай болып отырды» [3,112б]. Ғазизаның арын төгіп, айуандығын асырған Ақан өз кесірінен боранды түрде ізім-ғайым жоғалған бейкүнәні іздеуге де бармай, кемпірдің зарынан құтылғанша асық болып, таңды атырған соң беті бүлік етпестен жүріп кетті. Таң атқанша Ақанның сабасына түсіп, шалыс ісіне баға беріп, қателігін түсінетін уақыты болған еді. Бірақ аузы қанға былғанған аш қасқырдың шімірікпестен сол отауға қайта енуге дәрмені жетті. Жазушы бейкүнәға қиянат жасаған Ақанды оқиға ортасынан бірден алып кетпейді, оның Ғазиза үйіне қайта кіріп, таңды атырғанымен, шектен шыққан қаныпезерлігін көрсетеді. Кемпірдің зары оның мазасын алды, жылап отырғандар ортасы оған соншалықты қолайсыз көрінді, дегенмен, ол үйден де шығып кете алмады, таңның атысын күтті. Бұған себеп, екі аяқты қорқау дала қорқауларына жем болғысы келмеді. Автор Ақанның сұм әрекетіне қоса әлсіз тұсын да көрсете алды. Ғазиза ше? Қорлық пен мазақ көрген Ғазизаның ал-

даралығын аңғартады. «Қорғансыздың күні» арқылы ол заманының шынайы көрінісін, ащы шындығын, тұтас бір қорғансыздар әлемінің мұң-зарын көрсетіп, оқырманның ішкі сезіміне батарлық жан түршігерлік оқиғаны баяндады. Осы ащы, зарлы шындықты жеткізуде Әуезов асқан шеберлік танытты: оқиғаға қатынасушы адамдардың тамаша портреттерін жасап, онысымен әрекет иелерінің мінез-құлқын да білдірді. Табиғат келбетін суреттеу арқылы адамның ішкі толғанысын, сонымен қатар болар істің хабарын берді, тамаша композиция құра білді. Әңгіме әлеуметтік теңсіздікті, күшті мен әлсіздік арасындағы жайшылықты, кедейшілікті, яғни дала өмірінің сұрқия келбетін танытады. Автор «Қорғансыздың күні» трагедиялық, сюжетті әңгімесіне шынайы болған оқиғаны себеп етіп, қорғансыз жандардың тіршілігін көрсетуімен қатар, ұлттық ерекшелігіміздің бір қырын да көрсеткен тәрізді. Ақан арын төгіп, тәнін былғағанымен, жанын үзбеген еді, өлім жолын Ғазизаның өзі таңдады. Асқар таудай әкесі мен бауырының өлімі бұл отбасын бір есеңгіретсе, жанарынан айырылып, су қараңғы болып қалған шешесінің қайғысы жығылғанға жұдырық болып тиді. Бұл соққыға Ғазиза көндікпенмен, келер күннен үмітін де үзбеген еді. Ал мына, өз басынан өткен сұм оқиға жас қыздың бар үмітін тас-талқан етті, шыдамын тауысты. Автор он үш жасар жас қыздың саналы ақыл тоқтатқан адамдарша ой түйіп, қазақ қызына тән инәбат, парасат, пәктік, тазалық қасиеттерді өзінен де жоғары қоятындығын көрсетті. «Қорғансыздың күні» ғасырға жуық уақыт бойы талай ұрпақтың ықыласпен қабылдайтын шығармасына айналып, өз өміршеңдігін дәлелдеді. Заман өзгеріп, дәуірлер озғанымен адамзат баласының сұлуға сүйсініп, сұрқиядан жиренерлік қасиеті жойылған жоқ. Олай болса, қаныпезерден зәбір көрген бейкүнә Ғазизаның ақ бейнесі талай дәуір перзентінің жадында жатталып қалары сөзсіз.

Раушан САБИРБАЕВА,
филология ғылымдарының
кандидаты

*Қазынасы түпсіз терең тұңғыық,
Қаламынан шуақ шашып нұр құйып.
Мұхтар баба даналығы бір төбе
Асқақ арман, қол созатын тым биік!*

*Қазынасы күллі әлемді таң қылып,
Әрбір сөзі тұр жадымда жаңғырып,
Қара қылды қақ жаратын қашан да
Мұхтар аты сақталады мәңгілік!*

*Мол мұралы тарихы бар басталған,
Бабамыздан бар ма екен асқан жан?
«Абай жолы» бастап кеткен сара жол
Осы жолмен жүріп өту-басты арман.*

*Жырға толып Шыңғысымның даласы,
Тым жоғары берген елдің бағасы.
Ұлы елдің мақтанышы өр тұлға
Мұхтар баба – сол заманның данасы.*

*Тұла бойда қайнап жатқан қан қалып
Өлең дейтін ұлы өлкені шарпадық.
Ақ жүректен шыққан жырды көл-көсір
Қаламгердің рухына арнадық!*

Аружан КӨРІПБАЙ,
филология факультетінің
2 курс студенті

*Шұрайлы шығысымның даласында,
Құнарлы қарт Ертістің сағасында,
Әуезовтың тойланды мерей тойы,
Шыңғыстаы шырақ төккен дара шыңда!*

*Мұхтар атам биік тұр, дара сапта,
Болады күн көсемге баласақта.
Жазып кеткен роман, повестері,
Жол тартып жатқандай болашаққа.*

*Жетсе деп келешекке, ұлтқа батам,
Қамсыз қазақ қайғысын жұтқан атам.
Қазақтың төл құжаты болатындай,
«Абай жолын» жазған ғой Мұхтар атам.*

*Ұрпағыңмын мен өзіңнен алған үлгі
Бойына жиган тек пен бар дарынды.
Сөзіңнен санамызға нұр құйылып
Өзің деп өлеңіме шам жағылды.*

Алмат ТӨКЕНОВ,
филология факультетінің
2 курс студенті

*Шыңғысымның шыңдары шарықтаған,
Қыран құсы қияда қалықтаған.
Қайғы құрты жанымды жей бастаса,
Ұлылармен бой түзеп шабыттанам!*

*Ән мен жырға малынып атырабы,
Қасиетті тау-тамыс, топырағы.
Қойнауыңнан ұлылар ұлыларың,
Бүкіл әлем өзіңе бас ұрады.*

*Баурайынан лебі есіп жылылықтың,
Шыңдарыңа жарасар ұлылық шын!
Өрлігіне Мұхтардың қарап тұрып,
Өміріме тік қарау сырды ұқтым.*

*Қадам басып байтақ ел бастауына
Шамын жаққан тұңғыық аспаныңа.
Аңыз болып айтылар ұлыларың,
Күллі қазақ жұртының дастанына!*

Бағжан КӨРІПБАЕВА,
филология факультетінің
2 курс студенті

«МЕНИҢ ӘУЕЗОВІМ»: ОҚУШЫЛАР КӨЗІМЕН

Әуезов әлемі – ерекше әлем. Ерекшелігі – шеберлігінде! Ол шеберлігі – аз дүниемен астарлы ой тастау, болашаққа бағдар беру. Автор «Көксерек» повесінде өзін бағып күткен Құрмашқа деген Көксеректің өшпенділігі арқылы нені аңғартады?

Біріншіден, қасқыр – түз тағысы!

«Ұзын, кең өлкені қаптай басқан қарағанның ортасында терең, құр жар бар. Соның бас жағында қалың итмұрынды жыныстың арасында қасқыр іні бар». Иә, түз тағысының мекені – дала. Бұл – табиғат заңдылығы! Ал адамзат баласы табиғат заңдылығына қарсы әрекет еткізі келеді.

«Дөң басындағы қойшының айғайымен қатар, ауылдағы көрі-жас, аттылы-жаяу иттерін

айтақтап, түгел жүгіріп еді. Көп ішінде «Көксерек те бар» деп, Құрмаш та жүгірді». Бұл – табиғат заңына қайшылық болып табылады. Әуезов осыны астарлайды. Түз тағысын қолға үйрету – оның тұқым ерекшелігінің дамуына кері әсері мол!

«Көксеректің бойында бұрын да, қазір білінбеген долылық, жайындық бар еді», – деп Әуезов өзі көрсеткендей, міне, Көксерек! Ол – долы! Себебі: ашкөз, қорқау қоғамға қарсы табиғат ызасы. Ал Құрмаш – осындай қорқаулық құрбаны, жазықсыз табиғат кейпі.

Екіншіден, Көксерек тағдырының астарында – қазақтың талай басынан кешкен қилы замандары жатыр. Себебі қазақ – қашан да текті де,

қасиетті халық. «Бірақ Көксерек әлі күнге, ешбір уақытта «қырқ» етіп, ауырсынған дыбысын шығарған емес», дегендей, Көксерек – дәл қазақтың тағдырын айқындап тұр. Иә, қазақ халқы талай тағдыр талқысына да ұшырады. Сан боздақ қыршынынан қиылды... босып кетті. Бірақ сағы сынбады.

«Көксерек түрегеп тұрып, санын жаланды. Қан шығады. Тұрғанда, енді үш аяқпен тұрып, секектел аяңдайды». Иә, текті қазақтың басынан қандай күндер өтпеді?! Сан өткелден өтті... сан беткейден өтті. Арыды!... Ашыды! Қайран... Текті Мінез... «Кей кезде Құрмаштың өзі де қорқақтай басып, қой қойлайтын еді». Міне, осы жерден-ақ қазақтың бейнесі айқындала бастайды. Әуезов

тура осыны меңзегендей. «Көксерек» - қазақтың тағдыры. Сонымен қатар, бұл шығарма адам мен табиғат арасындағы байланысты, кейбір қайшылықтарды да мәлімдейді.

Қорыта айтқанда, Әуезов – ұлы кемеңгер! Кемеңгерлігі – Тек пен Мінезді тоқайластыра білуінде. Қайран... Текті мінез! Тектілік!... Міне, Көксерек, Тағдыр! Көксеректің жауыздық әрекеті – адам мен табиғат болмысының қайшылығын білдіреді. Өттең!... Қорқаулық!... Тоғышарлық! Ал, қорқаулықтың құрбаны – Құрменштай бейкүне жандар! Бұл – Әуезов шеберлігі!

**Аида Жақсыгелдина,
Ш.Тоқжігітов орта
мектебінің
11 сынып оқушысы**

Халқымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің «Көксерек» повесі 1929 жылы жарық көрген. Табиғат пен адамзат арасындағы байланысты суреттейтін шығарма «Көксерек» хикаятына қазақ халқының «Бөріні қанша бақсан да, орманға қарап ұлиды» деген мақалы сай деп ойлаймын. Біздің «Көк бөріні емген көк түркі тұқымы» екенімізді естен шығармағанымыздың дәлелі – «Көксерек» шығармасы.

Шығарманың басты кейіпкері бала Құрмаш пен ауыл тұрғындарының іс-әрекеті шындыққа жанасады. Қасқыр малшы ауылына жақын маңайдан апан салса, ол ауылға тимейді, тигізбейді. Сол аң ұясының бірі – Көксеректің отбасы. Аңшылар қасқыр күшіктерін қырып қана қоймай, біреуінің сирағын кесіп, ал болашақ көкжал Көксеректі бала Құрмаштың қарауына береді. Осы уақытта оқиғаның соңы қайғылы аяқталатындығын кім білген?! Әрине, әжесінде күшікті әкелгеннен-ақ көңілінде бір үрей пайда болды. Мүмкін, әже ақылын тыңдағанда әңгіме соңы трагедиямен аяқталмас па еді?! М.Әуезов осы бөлім арқылы көпті көргеннің ақылын тыңдау қажет екендігін жеткізгі келді деп пайымдаймын. Мен Көксеректің жауыздық әрекетін былай түсіндіре аламын.

Біріншіден, жоғарыда айтқандай, апанында ешкімге зияны жоқ бөлтіріктерді қыру – адамдардың қателігінің бастамасы. Бөлтірік табиғаттың жыртықшы аңы екендігін ұмытып, ауылға тұтқын етуінен оқиға өрбиді.

Екіншіден, ауыл тұрғындары, тіпті ауыл иттері де Көксеректің жат екендігін сезді. Менің зерделеуімше, бөлтірік күшік кезінен өзінің табиғат тарланы екендігін ұғынды. Оған дәлел ретінде, қорғансыз табиғатта өзінің үйіріне, қасқыр тобына емін-еркін ілісіп кетуін айта аламын.

Үшіншіден, қасқыр өмірінде бір-ақ рет жұптасады. Еркін өмірге шыққаннан кейін өз жұбы – Аққасқырды жолықтырды. Енді ғана өз орнын, отбасын құрған Көксеректің басынан күшік кезіндегі оқиға қайталанды. Жазушы көкжалдың екі аяқтылардан көрген әділетсіздіктен туған ашу, кек және қатігездік эмоцияны оқырманның жүрегіне жеткізе бейнелеген. Барша басынан өткізген қиянаттар адам кесірінен болғандығын түсініп, жауыздық әрекетіне себеп болды.

Қорытындылай келе, қасқыр – түз тағысы, киелі аң. Табиғат жаратылысына, заңдылықтарына қарсылық таныту дұрыс емес деп тұжырымдаймын. Бұл қателіктің жазасы – бала Құрмаштың өлімі.

**Ақнұр НҰРБОЛАТҚЫЗЫ,
Ақсу ауданы», І.Жансүгіров мектебінің
11 сынып оқушысы**

Қазақ әдебиетінде әлемге әйгілі шоқтығы биік көркем шығармалар көп. Солардың бірі М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы еді. М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы ұлы Абайды бүкіл әлемге танытқан болатын. Осы «Абай жолы» романы арқылы Абайдың бозбала күнінен демі үзілгенге дейін суреттеген. Әсіресе М.Әуезов осы романда Абайдың ақындық бейнесін ерекше көрсеткен.

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абайдың ақындық бейнесін әжесі – Зере мен анасы – Ұлжанның әрекетінен басталған еді. Әжесі мен анасы мүмкіндік туа қалса атақты ақын, жырауларды үйіне шақырып, қонақ еткен. Бала Абай сол кезден ақындыққа қызығып, ұйып тыңдайтын.

Тіпті ақындарды жібергісі келмей, тағы біраз күн ұстайтын. Кейіннен бозбала болып, алғашқы ғашығы – Тоғжанды кездестіру, ақындықтың жаңа кезеңіне өтуіне ықпалын тигізді. Іштегі алай-дүлей сезім, арпалыс Абайдың ақындық шабытын оятты. Алайда екі елдің араздығы, екі ғашықтың бірге болуына кедергі жасап, ақыры бұл байланыс үзілді. Осы тұста да М.Әуезов Абайдың қиналған сәтінде, ақындық бейнесін бірге ұштастырып жазған. Осылайша бала ақын Абай, дана ақын Абайға айналған болатын. Осы тұрғыда өз білімін бауыры – Шәкәрім, балалары Әбіш, Мағашқа, ауылдағы талантты баланың бәріне үйреткен еді. Осы кезде автордың Абайдың ақындық бейнесін шоқтығы биік болып, жоғарыға қойғанына, қосыла отырып, көреміз.

Яғни, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайдың ақындық бейнесін өмірінің барлық кезеңінен байланыстырып, шынайы оқиға негізінде, көркем тәсілмен жазып шыққаны даусыз. Абайдың осы шығармадағы ақындық бейнесін сипаттайтын болсақ, әкесінің биліктегі қатігездігін ашынып жазатын еді. Ғашығымен қосыла алмай қалған махаббат жырын жазатын еді. Кейіннен дана ақын болғанда халықтың мұң-мұқтажын, елінің қайғысын қаралы күйге түсіп жазатын. Атап өтсек, «Қалың елім қазағым, қайран жұртым», «Сегізаяқ», т.б. еді. Өмірінің соңғы жылдары өмірден түніліп, жалғыз қалғандай болып, «Моласындай бақсының жалғыз қалдым тап шыным» деп кейіген.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайдың ақындық бейнесін көркем, әсем жеткізе білген. Сан қырлы ақындық күйін талдап, сипаттап өттік. Әрбір қазақ елінің ұрпағы осы шығарманы оқып, Абайдың ақындық өнерін түсінуі керек санаймыз. Әрі осы шығарманы әйгілі еткен М.Әуезовты да дәріптеп, шығармаларын жас ұрпаққа түсіндіріп жүрейік!

**Нұржан БЕГАРЫС,
Бақыршық орта мектебінің
11 сынып оқушысы**

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ М.ӘУЕЗОВ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

М.Әуезовтың көркем шығармалары, еңбектері қазақ әдебиетінің прозасын, драматургиясын, сынын бұрын болмаған құнды мұраларымен толықтырып, өзінің шығармашылығымен олардың қалыптасуына, жанрлық формалардың, дәстүрлердің, өзіндік қазақ стилдік мектебінің дамуына ықпал етті.

Әлем әдебиетінде Мұхтар Әуезов туындылары ерекше орын алып, қазақ халқының әдебиетіне, фольклорына және жалпы рухани мәдениетіне көңіл бөлуге мәжбүр етті. М. Әуезовтің өмірбаяны мен шығармашылығы туралы толығырақ деректерді adebiportal.kz порталынан оқи аласыздар.

М. Әуезовтің отбасы жайлы маңызды мәліметтер

Әуезов отбасы қазақ ақыны Абайдың отбасымен туыстық қатынаста болған, Мұхтар Әуезов ата-анасынан ерте айырылды. Мұхтар Әуезов ағасының қолында тәрбиеленген. М.Әуезовтің жарлары

(әйелдері) туралы мынадай мәліметтер мәлім:

бірінші әйелі — Райхан Көкенқызы 15 жасында тұрмысқа шықты; екінші әйелі — Камила Мағауияқызы (Абайдың немересі); үшінші әйелі — Валентина Николаевна Кузьмина;

Фатима Ғабитова — төртінші әйелі.

М. Әуезовтың бірінші әйелінен қызы Мугамиле, үшінші әйелінен қызы Лейла, ұлы Ернар, ал төртінші әйелінен ұлы Мұрат — қазақстандық қоғам қайраткері, мәдениеттанушы балалары болды.

М. Әуезов әлемдік қоғамдық даму тағдырының бір бөлігі

М. Әуезов дала тағдырының әлеуметтік аспектілерін бейнелеген алғашқы ойшылдардың бірі. «Абай жолы» эпопеясын жазу туралы түпкілікті ой жазушыға отызыншы жылдары, Алматы түрмесінде қамауда болған кезде келгені кездейсоқ емес. Сол жылдары мыңдаған жылдар

бойы қалыптасқан даланың өмір салты құлдырауда болып, ұлттық сана-сезімнің, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің ғана емес, халықтың да жойылып кету қаупі төнді. Міне, осындай қиын-қыстау кезеңде ол өзінің ұлы кітабы «Абай жолын» жаза бастады. Бұл еңбегінде тек данышпан ғана жеткізе алатын ойлар бар, тек ұлы суретші ғана бейнелей алатын картиналар бейнеленген.

Көрнекті сөз шеберінің есімі тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемге танымал. Кеңес Одағында 200 томдық «Дүниежүзілік әдебиет кітапханасы» шыққан кезде, онда тек тоғыз авторға екі том бөлінді. Осы тоғыздың бірі Мұхтар Әуезов болды.

Әуезов — оптимистік тұлға, өйткені жиырмасыншы ғасырдың аяғында оның асқақ арманы орындалды. Әуезов армандаған және күрескен Тәуелсіздік барлық қазақстандықтарға үлкен жауапкершілік жүктейді.

...Достоинство человека вовсе не в том, чтобы быть начальником. Мы уже убедились в этом. Власть портит человека и приносит ему не добро, а одни проклятья. Не губи зря свою молодость!

В наше время человек, который не знает и не ценит свой язык и литературу, не может считаться полноправным интеллигентом. Потому что, какой бы специальностью он ни владел, в плане духовности будет оставаться односторонним гражданином.

Что такое народ? Сила при раздорах с соперниками, прах – когда сам в нужде. В битвах победа куется его руками, а при дележе в эти руки попадает лишь пыль прогоняемых мимо награбленных стад... Так и гибнут люди безвестные, безыменные. Вот и теперь они усуют белеющими костями всю степь. Дрогнет ли сердце хоть у одного из тех, кого вчера еще величали "лучшими", "оплотом"? Кто из них опечалится, кто заступится?

Всякий сумеет следовать по проторенной дорожке, проложенной отцами! Если ты в силах, ищи своих путей...

Беспомощных всегда угнетают думы. Но бесплодными мечтами сыт не будешь. Какая польза в разговорах, если ты бессилён?

Народу нужно просвещение, знания. Ему нужно учиться, воспитываться... Настало время, когда спокойно дремать, надеясь на бескрайние кочевья, на широкие выпасы, не приходится. Уже пора

учиться у народов, которые опередили нас! Вот что нужно!

"Это единственный надежный путь не только для моего народа, но и для меня самого", - не раз думал он.

Верблюд испытывается на переходе, мужественный человек - в беде.

Погибнет жигит, если не сыщется достойного товарища, погибнет народ, если не сыщется достойного вождя.

Если ты храбр, вооружись мужеством. Если нет, продолжай свое-покоряйся.

Когда я прислушиваюсь к голосу кюев, я чувствую, как одно горе переливается в другое. Послушай, как изливается в звуках омраченная душа. Вчера сын мой, ты сказал великую истину: ни один человек, покидая этот мир, не был доволен своей жизнью, все унесли с собой несбывшиеся надежды... Века донесли до нас множество песен – и в каждой из них звучит один и тот же голос. Это не голос беспечного веселья и бездумной радости. Это-печаль. Это-тоска, навеянная жизнью... Вспомни древнего Асана-кайгы, подумай и о недавнем джуге последнего снега... И в наши дни акыны тоже проливают слезы в своих песнях... Слишком мало лиц, озаренных улыбок счастья, встречается им в пути. Все поют об урагане жизни, сметающем юрты. И это недаром. Сам же ты говорил о беспомощности народа! Не радость и счастье, которых мало в его жизни, а печаль и горе, сопутствующие ему, - вот что рождает песни наших акынов...

● Мұхтар Әуезов күзде туған (28 қыркүйек).

● Мұхтар Әуезов Мәскеу мемлекеттік университетінде профессор боп орналасып, дәріс оқыған.

● Германияға, Чехословакияға, Үндістанға, Жапонияға, АҚШ-қа, Өзбекстанға т.б. жиырмадан астам елге қызмет барысымен барып қайтқан.

● Он алты жасында Абай өлеңдерін жатқа айтқан.

● Мұхтар Әуезовтің алғашқы шығармасы – «Дауыл».

● 1943 жылы 1942 жылы жарыққа шыққан «Абай» романын талқылау халық арасында үлкен науқанға айналған.

● Семей қалалық мұғалімдер семинариясында оқып жүріп Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастаны негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны 1917 жылы маусым айында Ойқұдық деген жерде тіркестіріп тіккен киіз ұй сахнасында қойған.

● Бір қыс Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде, төрт жыл Ленинград университетінде оқып, филология факультетін бітірген.

● Мұхтар Әуезов – ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының негізін қалаушы.

● Жүсіпбек Аймауытовпен бірге «Абай» журналын шығарған.

● «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» деген бір ауыз атақты сөзін 1960 жылы 26 желтоқсанда ҚазҰУ-да әдеби бірлестіктің ұйымдастыруымен өткен жастар поэзиясының кешінде айтқан.

**Бетті дайындаған:
Замира МУРСАЛИМОВА**

МҰХТАР ӘУЕЗОВ - ДӘУІР АДАМЫ

Қазақ руханиятын әлемге танытқан ұлы суреткер, әдебиеттің алтын діңгегі, әлем мойындаған тұлға Мұхтар Омарханұлы Әуезов – ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің, Батыс пен Шығыстың рухани жауһарларын жетік меңгеріп, сәулелі сананың сергек сынынан өткізіп, ұлтымыздың әдеби тілін байытуға өлшеусіз үлес қосқан қаламгер.

Әлем жазушылары мен ғалымдары жоғары баға берген адамзаттың М.Әуезовінің шығармашылық мұрасын бүгінгі тәуелсіздік көзқарас тұрғысынан жас буынның насихаттауы, өз көзқарасын білдіруі өзекті мәселелердің бірі.

Сөз зергері М.Әуезов шығармаларын оқу терең білім мен айрықша ізденімпаздықты қажет етеді. Жазушы-ғалым Т.Жұртбай: «М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолының өзі қазақ мәдениетінің рухани тарихындағы зор құбылыс. Ол сан-салалы және жинақтай зерттеуді қажет етеді» деп баға береді.

Ұлы тұлғаны өз өлеңіне қосып, дара бейнесін суреттемеген ақын кем де кем. Ақын М.Шаханов: «Мұхтар деген – киелі ат, марқұм әкем маған тегін қоймаған бұл есімді. Мен де өз заманымның мақтан тұтқан азаматы, кемеңгер тұлғасы боламын» дейді.

М.Әуезов сөзінен рухтанған қаламгер Асқар Егеубаевтың «Қыран ғұмыр» атты поэмасындағы Ораз бейнесін атап өтуге болады. Оразды жаздың мамыражай бір күнінде жиынтойға келген Мұхтардың сөзі қуаттандырып жібереді. Ол Оразға «... болашағыңнан көп үміт күтетін ер жігіт боласың» деп батасын берген еді. Сол күннен бастап ол жазушыны үлгі тұтып, ұстазы санаған. Алайда, ғұлама ғалымның өр бейнесін көру бұйырмай кетеді. Шығармада Мұхтардың дүниеден өткенін табиғат көріністерімен астарластырып шебер суреттейді:

*Түнерді қарт, түнерді көк, сар жайлау,
Жұтағандай киіз үйлі тар қойнау.
Күміс жалды құлын-бұлақтардан да,
Сылаң қағып еркелеу мен қалды ойнау.
Дала мүлгіп, Орман қалғып, Жер тынды.
Жусандардың шайқап басын жел тұрды.
Қурай біткен сыбызғыдай ызыңдап,
Қара судай сапырады сел құмды...*

Қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжолов өзінің ойын да, бойын да ұлы суреткерге қарап түзегенін төмендегі «Мұхтар аға» арнауынан көреміз.

*Кеудеңізде алтын ғасыр суреті,
Тұлғаңызға бір қарасын жер беті.
Ұқсын әлем қандай екен жанымыз,*

Рақмет сізге, дана халық перзенті, – деп жырына арқау етеді. Себебі, М.Әуезов көзі тірісінде-ақ өзінің шығармашылығы



арқылы есімін әлемге мәшһүр еткен, абыройы асқақ тұлға.

Көрнекті жазушы І.Есенберлин де жазушы бейнесін өз шығармасында шынайы шеберлікпен бейнелеген. Сол замандағы әдебиетіміздің өр тұлғаларын өз туындысында көркем суреттеп, әдебиет бен мәдениеттегі орнын еске алып тебіренеді. «Көңіл – дастан» поэмасында:

*Тұрдым мен пырағыңа басымды иіп,
Толқиды ақыл-ойым жанып, күйіп.*

Тайпа елдің құшағына сыймас тарлан,

Үш құлаш жерге қалай жатыр сыйып?! – деп өз ой-толғанысын осылайша жеткізген.

Қорыта келе, дүниеге қазақ перзенті болып туып, адамзат перзенті болып аттанған М.Әуезов тағдыры – тағылым мектебі. Қай кезеңде, қай туындысын алсақ та, дәуір суреткері туындыларының тақырыбы мәңгілік мәселені қозғайды. Қазақ халқының өткен тарихын баяндап, келелі мәселелерді көтеріп, ел тұрмысының шынайы болмысын көрсетіп, өмір толғаныстарының шындығын суреттейді.

Жазушы Ә.Кекілбаев: «Ұлы тұлғаны уақыт аласарта алмайды». М.Әуезов бейнесі осыған куә. Келер ғасырда да кемелдене беретін кемеңгер. М.Әуезов – тек сіз бен біздің ғана емес, әлі дүниеге келмеген жаңа ұрпақтардың да сарқылмас игілігі.

Бүгінгі таңда ұлттың рухани қазынасына айналып отырған ғұлама бейнесі сомдалған қазақ әдебиетіндегі шығармаларды жан-жақты пайымдау, тереңіне бойлай зерделеу жас ұрпақтың қасиетті парызы деп білеміз. Бабалар аманатына адал ұрпақпен бірге қазақ руханияты мәңгілік жасай беретін құндылықтар құбылысы.

**Әйгерім ҚУАНЫШЕВА,
Филология факультетінің
3-курс студенті**

Құрылтайшысы:
«Семей қаласының
Шәкәрім атындағы
университеті»
КеАҚ



Қазақстан
Республикасының
Ақпарат және
коммуникациялар
министрлігінің
Ақпарат комитеті
берген тіркеу куәлігі
№ 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Бас редактор: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ
Фотограф: Мақсат ЖАРҚЫНҰЛЫ

semgu_2020@bk.ru

http://shakarim.edu.kz/

@shakarim_university_

Білім алушы жастарға арналған
ақпараттық-танымдық басылым
айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университеті» КеАҚ медиа орталықта
басылып шығарылды.
Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а